

Барахов Б.Б., Мырзабеков Ж.Б., Тағаев О.О., Нарбаева Д.Д.

ОЦЕНКА КАЧЕСТВА ПРОФИЛАКТИЧЕСКОЙ ДЕЗИНФЕКЦИИ ПРОВОДИМОЙ В КОНЕВОДСТВЕ

В статье приведены результаты сравнительных исследований по определению эффективности профилактической дезинфекции в коневодстве. В ходе исследований в качестве дезинфекционной установки использована Пенопушка, в результате чего эффективность пенной дезинфекции повысилась на 2,1 %.

Кілт сөздер: Пенопушка, профилактика, дезинфекция, микробный фон.

Barahov B.B., Myrzabekov Zh.B., Tagaev O.O., Narbaeva D.D.

QUALITY ASSESSMENT PREVENTIVE DISINFECTION DONE EQUINE

The article presents the results of comparative studies to determine the effectiveness of preventive disinfection in horse breeding. In the course of studies as a sanitizer used Penopushka, whereby the efficiency of disinfection foam rose 2.1%.

Key words: Penopushka, prevention, disinfection, microbial background.

ӘОЖ: 637.12.61:645.23

Бодайқызы Б., Қазықанұлы О., Қадыкен Р.

*ҚХР, Шығызы университеті, жануарлар ғылымы институты,
ҚР, Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

ШИН ЖЯҢ ЖЫЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Аңдатпа Мақалада Шин Жяңның жылқы шаруашылығының жалпы жағдайы мен ерекшеліктері жөнінде сөз болып, онда сақталып отырған негізгі мәселелер және оған төтеп берудің шаралары қарастырылған. Сонымен қатар, жылқы өнімдерін өңдеудің осы заманғы технологиялық әдістемелері баяндала келіп, болашақта Шин Жяң жылқы шаруашылығын қалай дамыту жөнінде ғылымй ұсыныстар берілген.

Кілт сөздер: мемлекеттік марка, таза қанды жылқы.

Кіріспе Қазақ ұлтының жылқы шаруашылығы мәдениеті әлмисақтан бері өркендеп дамуға бет алған, өз ерекшелігімен адамзат жылқы шаруашылығы мәдениетінің айрылмас бір бөлегі болып отыр. Ал қазақ жылқысы болса әлдеқашан қазақ ұлтымен біте қайнасып, қазақ қоныстанған өңірлердің мәдениет айнасына айналған. Қазір экономика мен қоғамның қарыштап дамуына сай, жылқы шаруашылығыда өркендеп даму бейнесін танытуда. Әсіресе таяудағы жылдардан бері аша тұяқты жануарларда болатын адам мен малға бірдей жұғатын жұқпалы аурулардың толассыз таралуына байналысты, жылқы еті мен сүті тіптіде өтімді бола түсті [1]. Жылқының терісі, жүні, қаны, сүиегі және ішкі ағзалары қатарлы қосымша өнімдерінің пайдаланылуы молая түсті. Жылқының қаны мен зәрі болса түрлі биогормондардың негізгі материалына айналды. Жылқының осы байлықтарын ұтымды пайдаланып, өтімі жақсы болса, жылқы шаруашылығы орта азия өңірлік экономикасын дамытудың ұлыттық даралыққа ие шаруашылығының біріне айналуы әбден мүмкін.

Материал мен әдістер Шин Жяңның жылқы шаруашылығындағы негізгі мәселелер. Жылқы бас санының күрт азаюы: Таяу жылдардан бері, жылқы шаруашылығының тоқырауына байналысты, Шин Жяңдағы жылқы саны күрт азайды, Шин Жяңның жерлік ерекшелігі мен абзалдығына ие қазақ жылқысы байлығы да жылдан-жылға азайып әрі тұқымы да азғындауда.

Бұған негізінен районымыздың жылқы шаруашылығында күшті экономикалық сұраныс жетерсіз болып, дихан малшылардың жылқы бағу белсенділігінің төмен болуы себеп болып отыр.

Жылқы өнімдерін ашып мәнерлеу деңгейі төмен: Автономиялы ауданымызда жылқы шаруашылығы базарының жетілу өресі төмен, жалпы аумағын кеңейту және пайдалану қабілеті жеткіліксіз болып, тұтыну белсенділігі толық қалыптаспаған. Тұтынушылар қауымының жылқы шаруашылығына болған танымы төмен болуда, әсіресе жылқы өнімдерін ашу мен осы заманғы ат бәйгесін арнайыландыру жағында үрдіс дамудың жалпы жоспары мен жүйелі ойламы толық қалыптаса қоймады. Районымызда жылқы шаруашылығын дамытуда, ғылыми әрі толық кәсіптендіру, жалпы жоспар, стратегиялық әдістеме және сүйемелдеу саясаты қатарлылар әлі де жеткіліксіз болып отыр [2].

Дәстүрлі жылқы бағымшылығы біртіндеп өзгере бастады, бірақ жаңаша бағымшылық үлгісі әлі толығымен қалыптаса қоймады. Ауыл шаруашылығын ашу серпінінің біртіндеп күшеюінен, жайылым біртіндеп тарайды, оның үстіне тұяқ кесті болуы, қоршаған ортаның бұзылуы қатарлы себептерден, жылқыны жайылыста еркін бағу шектемеге ұшырады. Ал дыйқандар мен малшылар болса, жылқыны қолда бағудың лайықты ғылыми әдістемелерін әлі де толығымен игере қоймады [1]. Былайша айтқанда жүйелі зерттеу мен көңіл бөлудің жетерсіздігінен, дәстүрлі жылқы шаруашылығынан осы заманғы жылқы шаруашылығына өтудің нақтылы ой желісі әлі толығымен қалыптаса қойған жоқ. Сондықтан Шин Жяңда жылқы шаруашылығын жалпы беттік ашуды зерттеу кезек күттірмейді.

Шин Жяңның жылқы шаруашылығын дамытудың болашағы. Жылқышылықты Шин Жяңның жаңа экономикалық даму түйініне айналдырып, қалықтық экономиканың жаппай дамуын жеделдете түсіру үшін, жылқы шаруашылығын дамытып, жылқы өнімдерінің мемлекеттік маркаларын жарату керек.

Жылқы етін өңдеу. Жылқы еті қоректік құрамы жоғары, сұрып (таза еті) еті мол, май құрамы аз әрі майында қанықпаған май қышқылы мол болудай ерекшеліктерге ие, оны көп тұтынғанда қандағы холестеринді төмендетіп, қан тамырдың қатуынан сақтануға болады.

Елімізде жылқы етін өңдеудің тарихы ұзақ болмағанымен, кейбір кәсіпорындардың жылдық сату мөлшері елу миллион юаннан асып, жылқы бағымшылығының дамуына түріткі бола бастады. Қазір жылқы етінің бағасы күріт өсіп, базар болашағы жақсы бағалануда. Жақында Іле, Үрімжі қатарлы қалалардағы кәсіпорындар, жылқының қорапталған сүрі ет, қазы қатарлы өнімдерін Бей Жиң, Шаң Хай қатарлы ішкі өлке базарларына салып, тұтынушылардың жаппай қызығушылығына ие болды. Жылқы етінің өңделу деңгейі әлі де біршама төмен болғанымен, өзіне тән қоректігі және дәмімен барша қауымның алқауына ие болатындығы сөзсіз.

Жылқы сүті. Әртүлік үй жануарларының ішінде жылқы сүтінің май түйіршігі ұсақ, құрамында қанықпаған май қышқылы мол болып, тұтынғанда оңай сіңірілуден тыс, қандағы май құрамын төмендетіп, қан тамырды жұмсартады. Жылқы сүтінің түрлі витамин құрамы жоғары болып, оның ішінде витамин С, сиыр сүтінің 5-10 есесіндей келеді. Жылқы сүтінің құрамы адам сүтіне жақын болғандықтан, жоғары биологиялық қасиетке ие. Жылқы сүтін және оның қосымша өнімдерін, жас балар, қарттар және ас қорыту жүйесі ауруы, өкпе туберкулезі, қан аздық қатарлы ауруға шалдыққан адамдарға денсаулықты жақсартатын тағам ретінде пайдалануға келеді. Қазір жылқы сүтінен қымыз, сүт шырыны, сүт парашогы, сүт таблеткасы қатарлы өнімдерді мәнерлеп жасауға болады. Жылқы сүтіндегі биологиялық белсенді заттарды сығып алу және оларды құнттап мәнерлеу, келешекте жылқы шаруашылығын дамытуды демеудің бір түрлі ұтымды жолы болмақ.

Жылқының қанын өңдеу. Жылқы қаны мөлшермен жылқы дене салмағының 6-8%, одан ішпек-жемек толықтырғыш, гемоглобин ұнтағы, қан тоқтататын ұнтақ және басқа да медициналық бұйымдарды өндіруге болады. Мысалы ішті болғанына 40-120 күн толған буаз биенің қанынан алынған қан сарысуы табылмас дәрі материалы есептеледі.

Оның құрамында бір түрлі қантты белок гормоны, яғни буаз бие қан сарысуы жыныс қоздырғыш гормоны (PMSG) болып, онда аналық тұқым көпіршігін көктеткіш гормон мен сары денені тітіркендіргіш гормонның қос ролі бар, бұл гормонның әсері ұзақ әрі тұраралық өзгешелігі жоқ, сондықтан түрлі жануарларды шырғалап күйлету, қалыптан тыс тұқым бөлдіріп шығарту және қысырлықты емдеу қатарлы жақтарда кеңінен қолданылады. Санаққа қарағанда Шин Жянда бес жүз мың бас бие бар, PMSG өндірудің мол қайнар көзі есептеледі. Жылқы қанынан қан сарысуын алғаннан кейінгі қалдық бөлімін қарапайым мәнерлеу арқылы, мал азығының тамаша белок көзі етуге болады [3]. Былайша айтқанда жылқы қаны болашағы зор био өнімдер қайнары болмақ.

Жылқы денесіндегі басқа өнімдерді анықтау. Жылқы денесінде ет, сүт, қаннан тыс, тағы да ашып пайдалануға болатын заттар баршылық.

Жылқының терісі мен жүні: Бір жылқыдан шамамен 2,2 м² өңделген тері алуға болады. Шин Жянда жылына 100 мыңнан астам жылқы терісі алынып, Шин Жяң тері өнеркәсібінің негізгі материалдарның бірі болып есептеледі. Жылқы терісінен басқа да жануарлардың терісінен жасалатын барлық өнімдерді жасауға болады. Жылқының жалы мен құйрығы, серпімділігі мен созылғыштығы жақсы, үйкеліске, ыстық-суыққа, қышқылдың шірітуіне қарсылық қуаты күшті болып, өнеркәсіптік сүзгі, шётка және киім тігіншілігі қатарлыларға істетіледі.

Жылқының сүйегі: Жылқыда 212-215 дейін қаңқа сүйек бар, мөлшермен жылқы дене салмағының 20%-ына ие. Жылқы сүйегінен түрлі мәдени әшекей бұйымдарын және сүйек ұны, сүйек балшығы, сүйек желімі қатарлы өнімдерді өндіруге болады.

Жылқының ішкі ағзалары: Өкпе, кеңірдек қатарлы ағзалардан талқан жем жасап, оны құранды жемнің белок қайнары етуге болады. Жылқы запыраны биоактивтік заттарды бөліп алуға ең қажетті материалдарының бірі.

Жылқы несегі: Жылқы несегінде бензоилглицин, гиппор қышқылының негізгі құрамы несеп қышқылы болып, түрлі органикалық дәрілер мен бояу жасауға қолданылады [4]. Буаз биенің несегінен биоактивтікке ие табиғи бірікпе гормон алуға болады әрі оны негізгі материал етіп, әйелдердің баладан тоқтау мезгілінде болатын түрлі ішкі секрециялық ауруларын емдеуге, қарттардың бос сүйек ауруы мен жүрек ауруының алдын алуға, қанның май құрамын төмендетіп, терідегі әжімді азайтуға болады.

Ат өнеріне пайдаланылатын жылқыларды жетілдіру. Еліміз тарихи жылқы бағымшылығының бірі ретінде, жылқы саны жағынан дүние жүзі бойынша бірінші орында тұрады. Бірақ әлі күнге дейін бәйге жылқысын қымбат бағамен шетелден кіргізеді. Елімізде Сан Хы жылқысы, Іле жылқысы қатарлы жеңіл типтегі жылқы тұқымдары болғанымен, шетелдің сапалы бәйге жылқыларымен салыстыруға келмейді.

Жақын жылдардан бері, еліміз бәйге жылқысын даму барысында, дүниедегі дамыған елдермен барыс келісі жиілей түсіп, жылқы шаруашылығымен қатысты түрлі қоғамдық мәдени ұйымдар да жыл сайын молая түсті, мысалы, жылқы музейі, әр түрлі жылқы қоғамдары. Бірақ, қазір еліміздегі осы заманғы жылқы шаруашылығын дамытудың шарт-жағдайы әлі де жеткіліксіз. Осы жағдайда, өз күшімізге сүйеніп, үздік бәйге жылқы тұқымын жетілдіру, халықаралық деңгейдегі бәйге алаңын салу, жоғары деңгейдегі жылқы өнері мектебін құру қатарлы жұмыстарды тыңғылықты істеу, Шин Жяң жылқы шаруашылығын дамытудың заман талабы болмақ.

Зерттеу нәтижелері мен талдау Шин Жяңның жылқы шаруашылығын дамыту туралы ұсыныс.

Қазақ жылқысын қорғау және оны толық пайдалану жұмысын тыңғылықты істеу.

Автономиялы ауданымызда қазақ жылқысының генетикалық байлығын зерттеу мен қорғау жұмысы жеткіліксіз болу жағдайын назарда ұстай отырып, тез арада, қазақы жылқы тұқымын жетілдіру базасы мен қорғау өңірін құрып, жаппай пайдаланудың аяқ алысын тездетіп, жылқы өнімдерінің түрін молайтып, қайталай өңдеу өресін жоғарылата түсу керек. Жылқы майынан биологиялық дәрілер жасайтын кәсіпорындарын құрып, түрлі сәндік бұйымдарды, күнделікті тұтыну бұйымдары мен өнеркәсіп бұйымдарын өндіріп, жылқы майынан пайдалануды кеңейте түсу тиіс.

Жылқы етін өндеуде дәстүрлі ет өнімдерін өндіріуден тыс, тұтынушылардың сұранысына үйлесетін әртүрлі өнімдер өндіріумен бірге, халықаралық ет базарын ашу. Сүт өнімдерін мәнерлеуде, алдымен машиналастыру мен сақтау мәселесін дұрыс шешіп, жылқы сүт өнімдерінің өнеркәсіптену шамасын жоғарылата түсу; сонымен бірге жылқыны ғылыми жолмен баптауды жүзеге асырып, жылқыны бағып баптаудың негізін жоғарылата түсу қажет.

Асыл тұқымды жылқы мен сүлелерін жетілдіруге баса мән беру.

Спорт жылқысын жетілдіруде, шет елдің асыл тұқымды жылқыларын кіргізіп, будандастырып, сұрыптап, жылқының бағытталған спорттық қабылетін жоғары көтеру арқылы, халықтың спорт жылқысына деген қажетін қанағаттандыру. Сонымен қатар, кәсіптік техника абзалдылығын толық сәулелендіріп, негіздік зерттеу қызметін жеделдетіп, жылқы тұқымы архивін қалыптастыруды күшейтіп, қазақ жылқысы тұқымын асылдандыру жүйесін құруға технологиялық демеу беру. Осы негізде Шин Жяңның табиғатына үйлесетін спорт жылқысы арнайы тұқымдарын жетілдірудің аяқ алысын жеделдете түсу керек.

Қорытынды Жылқы шаруашылығының негіздік құрылғы құрылыстарын ілгерілету.

Барлық мүмкіндіктерді толық пайдаланып, жылқы шаруашылығының марка стратегиясын жүзеге асырып, осы заман жылқы шаруашылығы жүйесін орнатуға мүмкіндік жасау. Жылқы шаруашылығының үрдіс дамуында маңызды рөл атқаратын ірі ұйтқы кәсіп орындарды сүйемелдеу арқылы, бүкіл саланың дамуын жебеу. Сонымен қатар жылқы шаруашылығы негізгі құрылғы құрылысының аяқ алысын жеделдету мен бір уақытта, ірі универсал спорт, көңіл ашу, ат ойыны орталықтары, жылқы бағымшылық базасы және ұлттық спорт ойыны, бәйге алаңы қатарлы құрылғыларды жаппай дамытып, жылқы шаруашылығының жедел дамуына қолдау көрсету болмақ.

Әдебиеттер

1. *Liu shao bo*, Осы заманғы жылқы шаруашылығынан үзінді [G], Бейжін, Қытай ауыл шаруашылық баспасы. -2007.- №1.

2. *Geng juan қатарлылар*. Шин Жяң жылқы шаруашылығында сақталып отырған мәселелер [J] // Шин Жяң мал шаруашылығы, -2013. -9 с.13-15.

3. *Maу Pый Шың қатарлылар*, Жылқыны бағып баптаудың еліміз осы заманғы жылқы шаруашылығын дамыту барысындағы рөлі. [J] // Қытай сүт қоректі жануарлар ғылымы, - 2013-33 № 6 с. 67-69.

4. *Лю Чин Шун қатарлылар*. Қытай жылқы шаруашылығының даму жағыдайы [J] // Қытай ауыл шаруашылық информациясы, -2008. -9 с.18-19.

Бодайкызы Б., Казыканулы О., Кадыкен Р.

ПРОИЗВОДСТВО ЛОШАДЕЙ ШИН ЖЯН

В статье рассмотрены вопросы общего состояния и особеносте коневодства в Шен Жяне, а также имеющиеся основные проблемы и мероприятия по их устранению. Наряду с этим доложены современные технологии по переработки продукции коневотства, а также даны рекомендации по развитию коневотство в Шен Жяне.

Ключевые слова: государственная марка, чистокровный лошадь.

Bodaykizi B, Kazynkanuly O, Kadyken R.

PRODUCTION HORSES OF SHIN ZHYAN

This article about Shin Jan's horse breeding's condition and peculiarity, also about the main problems which was saved with their solutions. At the same time it says here about high-tech food processing of nowadays, also provides proposals for the development of Shin Jan's horse breeding in the future.

Key words: State stamp, thoroughbred horse.